

1. Cobarrubias J., Fishman J. A. (ed.). Progress in language planning: International perspectives. – Walter de Gruyter, 2012. – Т. 31.
2. Ж. Әлімхан. Фонетикалық атаулар жайында // Ұлттық рухтың ұлы тіні.-Алматы: Ғылым, 1999.-262-268 бб.
3. Eira C. Authority and discourse: Towards a model for orthography selection //Written Language & Literacy. – 1998. – Т. 1. – №. 2. – С. 171-224.

ӘОЖ 81'373

КӨЛІК ЖӘНЕ ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ САЛАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН БУДАН ТЕРМИНДЕР

Ахмет Ақжібек Нұрланқызы

akjibekz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.Құрманбайұлы

Қазақ терминологиясындағы салалық терминдер тілдің жалпы лексикалық жүйесіне енеді, атап айтқанда терминологиялық жүйені (терминология) құрайды. Терминдер -терминология объектісі болып табылады. Білімнің әртүрлі салаларындағы терминдер арнайы терминологиялық сөздіктерде көрініс табады. Термин тілдің бірлігі ретінде белгілі бір тілдің фонетикалық және грамматикалық заңдарына бағынады.

Термин дегеніміз кез-келген бір ғылым саласының арнайы ұғымдарын білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Терминнің өзіне тән ерекшеліктері: жүйелілік, дәлдік, стилистикалық бейтараптылық, анықтамасының болуы, берілген анықтаманың ғылымилығы мен анықтылығы, т.б. Ғалым Б.Қалиұлы «термин сөздер – аяғын аспаннан салбыратып түскен, «қасиетті», «құдіретті» сөздер емес. Олардың әдеттегі халықтық сөздерден еш айырмашылықтары жоқ. Жалғыз-ақ айырмашылығы бар, ол – әлгі термин сөздердің арнайы, ерекше мағынада, яғни білгілі бір ғылыми ұғымды білдіретіндігі және терминдердің тек белгілі бір ғылыми терминдер жүйесінде ғана термин бола алатындығында [1; 79].

Жаппай жаһандану тілдердің бір бірімен қарым-қатынасқа түсуі, саяси, мәдени, экономикалық, техникалық және компьютерлік салаларда интергациялануы шет тілдік атаулардың ана тілімізге ену процестерін күшейтуде. Бұл әсіресе терминдерге қатысты. Осындай көзқарасты ғалым Б.Момынованың мақаласындағы «Әр түрлі тілдердің иелері (тұтынушылары, елдер, мемлекеттер) арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың жолға қойылуы, жаппай компьютерлендіру, ғылым мен техниканың дамуы мен техникалық құралдардың қолжетімді бола бастауы, жалпыға таралуы тілдегі кірме сөздерді көбейтті және сөз тудыру процесінің жандануына әкелді» [2] деген сөздерінен көре аламыз.

Бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші кірме сөз немесе шетелдік терминологиялық болып келетін атауларды ғалым Ш.Құрманбайұлы қазақ тіл білімінде «будан атаулар» деп атайды да, «... бүгінгі уақытта олардың (будан атаулардың) саны күрт өсті. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс» [3,76] дей келе будан атаулардың негізгі мәселелерін атап көрсетеді.

Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулықта «Будан (гибрид) термин (гибридный термин, гибридо-термин) – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі

кабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер» [4] деген анықтама беріледі.

Ш. Құрманбайұлы «Ғылым салаларында будан атаулардың саны көп. Оларды сала-сала бойынша жинап, терминжасамдағы үлесін, жасалу ерекшеліктерін анықтау керек» [3,767] деген. Қазіргі таңда будан терминдерді әр сала бойынша іріктеп терминжасамдағы үлесін анықтау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Көлік және қатынас жолдары саласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясына бекітуге ұсынылған 1192 терминнің 153-і будан терминдер, бұл сала терминдерінің 12%-ы. Төменде көлік және қатынас жолдары саласындағы кейбір будан терминдердің этимологиясы, дефинициясы және басқа салаларда қолданылуы көрсетілген.

Авиамаяк || *Авиаманар* – будан термин: авиа әуе жолдары, әуе техникасын білдіретін күрделі сөздердің бірінші бөлігі, бұл сөзді үндіеуропашылар латынның «құс» деген сөзінен шығарады, ностратшылар мұны арабтың *hava*, қазақ тіліне мағынасын кеңейтіп *ауа* және *әуе* болып тармақтала бейімделген сөзбен тектестіреді; манар сөзі ақ пен қызыл түс астаса келетін әлдебір әдемі заттардың белгісі, аппақ манардай, манар тау т.б. деген тіркестерде қолданылады. Будан және бейнелі атауға [3, 769-770] жатады. Бұл терминде алыстан қызарып көзге түсетін белгі бірінші орынға шығарылған. *Авиаманар* екі түрге бөлінеді; *жарықтық манарлар* және *радиоманарлар*. Жарықтық манарлар әуежайларға қондырылады да әуе көлігінің қай тұстарда екенін жарыққа қарап бағдарлауы үшін қолданылады; радиоманар ұшақтың ішіне орнатылады да самолеттің бағытталып ұшуына қызмет етеді. Басқа салаға тән емес.

Авиапредприятие || *авиакәсіпорын* – көпсынарлы будан термин: авиа+кәсіп+орын. Әуе қатынасына байланысты өндірістік-шаруашылық орын, заңды тұлға құқығы берілген шаруашылық субъектісі, өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырудың нысаны. Осы мағынасында басқа салада қолданылмайды.

Автомоблокировка || *автобұғаттау* – будан термин, «блок» сөзі көпмағыналы, оның әлдебір затты сыртқы ықпалдан оқшаулау мағынасы қазақтың «бұғаттау» сөзіне сәйкеседі. «Бұғат» сөзі «бұғау», «бұғалық» сөздерімен түбірлес, үй қабырғасының жоғарғы ернеуін атайтын «бұғат» сөзімен мағынасы алшақтаған, әлдебір нәрсені ары жібермей бөгеу, тоқтату деген түпкі мағынасы бар. Әлдебір затты я бөлікті сыртқы ортаның ықпалынан автоматты түрде ажыратып, оқшаулау деген мағынада. Транспортқа байланысты қоршау, жолды жауып қозғалысты бөгеу деген мағынада қолданылады. Әскери, техникалық, физикалық, медициналық салаларда қолданылады.

Автомоблокировка двухсторонняя || *екіжақты автобұғаттауыш* – сын есім мен зат есімнің анықтауыш – анықталғыштық қатынаста қабыса байланысқан тіркесі: *екіжақты* – орыс тілінен калькалану арқылы жасалған. Бұл қазақ тілінде сын есім жасаудың өнімді тәсілі емес. Автобұғаттауыш – будан термин, «блок» сөзі көпмағыналы, оның әлдебір затты сыртқы ықпалдан оқшаулау мағынасы қазақтың «бұғаттау» сөзіне сәйкеседі. «Бұғат» сөзі «бұғау», «бұғалық» сөздерімен түбірлес, үй қабырғасының жоғарғы ернеуін атайтын «бұғат» сөзімен мағынасы алшақтаған, әлдебір нәрсені ары жібермей бөгеу, тоқтату деген түпкі мағынасы бар. Әлдебір затты я қозғалысты екі жағынан оқшаулайтын, бұғаттайтын құрылғы.

Автомоблокировка железнодорожная || *теміржол автобұғаттауышы* – зат есім мен зат есімнің анықтауыш – анықталғыш қатынаста матаса байланысқан (ненің автобұғаттауышы? – теміржол(-дың) автобұғаттауышы) тіркесі: теміржол – біріккен сөз; автобұғаттауыш – будан термин, «блок» сөзі көпмағыналы, оның әлдебір затты сыртқы ықпалдан оқшаулау мағынасы қазақтың «бұғаттау» сөзіне сәйкеседі. «Бұғат» сөзі «бұғау», «бұғалық» сөздерімен түбірлес, үй қабырғасының жоғарғы ернеуін атайтын «бұғат» сөзімен мағынасы алшақтаған, әлдебір нәрсені

ары жібермей бөгеу, тоқтату деген түпкі мағынасы бар. Теміржол пойыздарының жүруін реттейтін белгілік құрылғылардың автоматты жүйесі.

Автоблокировка переменного тока || *айнымалы токтың автобұғаттауыш* – айнымалы ток физика термині ретінде қазақ тілінің нормасына сіңген ұғым; *автобұғаттауыш* – бұдан термин, «блок» сөзі көпмағыналы, оның әлдебір затты сыртқы ықпалдан оқшаулау мағынасы қазақтың «бұғаттау» сөзіне сәйкеседі. «Бұғат» сөзі «бұғау», «бұғалық» сөздерімен түбірлес, үй қабырғасының жоғарғы ернеуін атайтын «бұғат» сөзімен мағынасы алашақтаған, әлдебір нәрсені ары жібермей бөгеу, тоқтату деген түпкі мағынасы бар. (Алдыңғы анықтамада қайталанып тұр ғой.) Айнымалы токты ажыратып, оқшаулап тастайтын автоматты құрылғы.

Автозаправщик || *автоқұйғыш* – бұдан термин, құрамы жағынан қысқара біріккен (авто+құйғыш) сөз. 2-бөлігі орыс тіліндегі сөздің контекстік мағынасымен аударылған (заправить сөзі бұл контексте «қюю» мағынасын береді). Автомобильге орнатылған жанар-жағар май құятын қондырғы. Басқа салаға тән емес.

Автокаток || *автоаунақ* – бұдан термин, құрамы жағынан қысқара біріккен (авто+аунақ) сөз. 2-бөлігінің аудармасы «таптағыш» сөзінің орнына бейнелеу жолымен «аунақ» деген ұтымды сөз алынған. Автомобильге орнатылған, жолды таптап тегістеуге арналған машина. Басқа салаға тән емес.

Автоклав || *автоқымшан* – бұдан термин, құрамы жағынан қысқара біріккен (авто+қымшан) сөз. 2-бөлігінің аудармасы «қымшан» сөзінің орнына окказионалдық жолмен «қымтау» мәніндегі сөз жасалған. Қысым сақтағыш ыдыс атауы. Техника араласатын салалардың көбінде қолданылады.

Автоколебание || *автотербеліс* – бұдан термин, құрамы жағынан қысқара біріккен (авто+тербеліс) сөз: 2-бөлігі – етістік негізді туынды зат есім (тербе+л+іс). Қазақ тілінде мұндай сөзжасам тәсілі кең қолданылады, мысалы: *жең-іл+іс*, *кепте+л+іс*, *шайқа+л+ыс* т.т. Өздігінен болатын, машықты түрде болатын, автоматты жолмен болатын ары-бері қозғалу, шайқалу, автомобильдің тербелуі. Басқа салаға тән емес.

Автоколонна || *автотізбек* – бұдан термин, құрамы жағынан қысқара біріккен (авто+тізбек) сөз. 2-бөлігінің аудармасы орыс тіліндегі «колонна» сөзінің мағыналарын түгелдей қамтымаса да, бір мағынасына сай келеді. Созыла, бір-біріне ілесіп келе жатқан я осы қалыпта тұрған автомобилдер.

Автолебедка || *автошығыр* – бұдан термин, құрамы жағынан қысқара біріккен («автомобиль» сөзінен авто+шығыр), шығыр – көнеден келе жатқан сөз, саумалап тарту үшін арқаннан, шынжырдан жасалатын құрылғы. Автомобильге орнатылған шығыр. Басқа салаға тән емес.

Автолестница || *автосаты* – бұдан термин, құрамы жағынан қысқара біріккен (авто+саты) сөз. Автомобильге орнатылған немесе өздігінен көтеретін саты.

Автомобилеопрокидыватель || *автомобилаударғыш* – бұдан термин, біріккен сөз: автомобилдің түпкі мағынасы «өздігінен қозғалатын, қимылдайтын, жүретін» деген мағынаны білдіреді, қазақ тілінің фонетикасына ыңғайлап транскрипцияланған. Автомобильге орантылған, аударып тастауға, төңкеріп тастауға, лақтыруға арналған құрылғы.

Автомобиль || *аварийный* – апаттық автомобил. Сын есім мен зат есім анықтауыш – анықталғыштық қатынаста қабыса байланысқан (қандай автомобил? – апаттық автомобил) бұдан тіркес: апаттық – араб текті сөз (эфат), сол түпкі мағынасын сақтап дыбысталуы қазақ тілі заңдылығына бейімделіп сіңген сөзге –тық есім жұрнағы қосылып сын есім анықтауыш болып тұр; автомобилдің түпкі мағынасы «өздігінен қозғалатын, қимылдайтын, жүретін» деген мағынаны білдіреді, қазақ тілінің фонетикасына ыңғайлап транскрипцияланған. Қауіп-қатерлі жағдайда қолдануға арналған автомобил. Басқа салаға тән емес.

Автомобиль безопасн \ \ *қауіпсіз автомобил* – сын есім мен зат есім анықтауыш – анықталғыштық қатынаста қабыса байланысқан будан тіркес: қауіпсіз – жетілдірілген деген мағынада қолданылып тұрған сын есім, автомобилдің түпкі мағынасы «өздігінен қозғалатын, қимылдайтын, жүретін» деген мағынаны білдіреді, қазақ тілінің фонетикасына ыңғайлап транскрипцияланған. Қауіптен алдын ала қорғау шаралары жасалған автомобил. Басқа салаға тән емес.

Автомобиль гоночный \ \ *жарыс автомобилі* – зат есім мен зат есім анықтауыш – анықталғыш қатынаста матаса байланысқан (*ненің автомобилі? – жарыс(-тың) автомобилі*) будан тіркес: жарыс: орыстың «гоночный» қатыстық сын есімі қазақ тіліне зат есім түрінде дұрыс аударылған, өйткені қазақ тілінде зат есім ілік септігіндегі меншіктік анықтауыш болып тұр; автомобилдің түпкі мағынасы «өздігінен қозғалатын, қимылдайтын, жүретін» деген мағынаны білдіреді, қазақ тілінің фонетикасына ыңғайлап транскрипцияланған. Жарыс сөзінің ілік септігі жасырын тұру арқылы жарыстыруға арналған автомобил деген мағынада тұр. Спорт саласында да қолданылады.

Автомобиль грузопассажирский \ \ *жүк-жолаушы автомобилі* – зат есім мен зат есім анықтауыш – анықталғыш қатынаста матаса байланысқан будан тіркес: жүк және жолаушы сөздері қосарланған, екі сөздің де меншіктік мағынадағы ілік септігі түсіріліп ықшамдалған; автомобилдің түпкі мағынасы «өздігінен қозғалатын, қимылдайтын, жүретін» деген мағынаны білдіреді, қазақ тілінің фонетикасына ыңғайлап транскрипцияланған. Жүк тасуға да болатын, жолаушы тасуға да болатын автомобил. Басқа салаға тән емес.

Аталған будан терминдер *авиа-, авто-* грек-латын терминбөлшектері арқылы жасалған.

Қазіргі таңда терминбөлшектің әлі де орныққан анықтамасы болмаса да, ғалымдар жалпылама мағынасын беріп жүр. Тіл білімінде сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін, ең кіші мағыналық бірлігі морфема деп қаралса, ал терминбөлшек терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік ретінде қаралады.

Терминбөлшек – әдетте терминнің құрамында белгілі бір орынды иеленіп, мейілінше тұрақтаған жалпы мағынаны білдіретін, туынды терминдердің үнемі қайталанып отыратын және жаңа терминдер жасауға қабілетті бөлшегі. Орыс тіліндегі «терминоэлемент» термині бізде соңғы уақытқа дейін өте сирек қолданылған, тіпті қолданыс таппаған термин деуге болады. Кейінгі жылдары кейбір ғылыми әдебиеттерде бұл терминді «терминдік элемент» түрінде тікелей аударып қолдану ұшырасып қалады [4].

авиа- латын тілінде «құс», «ұшу» деген мағынаны береді [3;558].

авто- грек сөзі. Мағынасы – «өз,өзі»[3;559].

Тілде пайда болуы негізінен экстралингвистикалық факторларға, яғни елдің дамуына тән әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени процестердің әсеріне байланысты кірме сөз тіл лексикалық бірліктер корпусын толықтыруда, оны кеңейту мен байытуда маңызды рөл атқарады. Латын және грек тілдерінің барлық тілдердің, соның ішінде қазақ тілдерінің терминологиясының қалыптасуы мен дамуына әсері еткен. Грек және латын тілдерінен кірме сөздер қазіргі қазақ тілінің салалық терминологиясында көп кездеседі.

Грек-латын қорының ғылыми саласының лексикалық бірліктерін будан түзілім процестеріне қатысуы бірегейлігі мен қысқалығына негізделген. Грек-латын бөлшектер және олардың сөзжасамдық элементтері барлық интернационалдық терминдер және интернационалдық терминбөлшектертер болып табылады. «DUDEN» әмбебап сөздігіне сәйкес, интернационализм деп әр түрлі тілдерде бірдей мағынада қолданылатын және бірдей формадағы сөздер түсініледі [5]. О.С. Ахманованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» ұсынылған интернационализмдердің анықтамасында олардың жалпы шығу тегі көрсетілген: «шығу тегіне жақын немесе тарихи дамуына ұқсас бірқатар тілдердің жалпы этимологиялық қорына жататын сөз (орыс. мәдениет, ағылш. культура, фр. мәдениет, лат. cultura)» [6, 180]. «Терминбөлшек»

ұғымын Д. С. Лотте енгізді: «Тәуелсіз мағынасы бар және қарапайым немесе күрделі терминнің құрамына кіретін сөздер» [7, 84].

Грек және латын кірме бөлшектерін қолданылуы мен кең таралуына оның ұзақ уақыт бойы пайдалану дәстүріне байланысты. Олар классикалық тілдердің лексикалық және сөзжасамдық қазынасынан алынады. Олардың мағынасы тірі тілдердегідей дамымайды, сондықтан олардың терминологиялық семантикасы алдыңғы қатарға шығады, бұл бірдей кірме компоненті бар будан қосылыстардың барлық серияларын құруға және өзара байланысты терминдер кешенін құруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, қазіргі салалық терминологияда, оның ішінде көлік және қатынас жолдары салалығында будан терминдердің саны күннен күнге артуда. Біз зерттеу жұмысымызда көлік және қатынас жолдарын саласында кездесетін кейбір будан терминдердің этимологиясын зерттеп, дефинициясын көрсетіп, басқа салалардағы қатысын анықтадық. Будан терминдерді сала-сала бойынша жинап алып, терминжасамдағы үлесін анықтау әлі де зерттеулерді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қалиұлы Б. Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері. – Алматы, 2008, 160 б.
2. <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindegi-dgazy>
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. - 928+16 жапсырма б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2018.
5. Duden. Deutsches Universalwörterbuch. – URL: www.duden.de
6. Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. – 2-е изд., стереотип. – М. : Едиториал УРСС, 2004. – 576 с.
7. Лотте Д. С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминологических элементов. – М. : Наука, 1982. – 152 с.

ӘОЖ 81'373.46

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕР

Әсет Ботагөз

bota-1999@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Мамаева

Қазіргі таңда медициналық терминдер ұлт тіліне аударылуда, оған көптеген ғалымдар ат салысуда. Бірақ әлі күнге дейін орыс тілінен енген терминдер басым болып тұр. Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуында назар аударатын мәселелердің бірі – әдеби тіл нормасынан ауытқуы. Медицина тілі – өте күрделі тіл. Медицинадағы барлық терминдерді ұлт тіліне аудару мүмкін емес. Түпнұсқа тіліндегі терминді ұлт тілінде жеткізу үшін көп жұмыс істеу керек. Соның арқасында көп терминдер аударылып, термин болып қалыптасуда. «Біле білген адамға сөздік дегенің асыл қазына» – деп ақын Қадыр Мырза Әлі айтқандай, терминология саласында сөздіктердің орны ерекше. Терминологиялық сөздік жасауда атақты ғалымдар А. Сызғанов, Х. Барлыбаев, И. Қаракұлов, С. Қарынбаев елеулі еңбек сіңірді.